



Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№27 (10 126)

15 шілде

жұма

2022 жыл

aksuoniri@mail.ru

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ҮГІЛІГІ МОЛ БОЛМАҚ



Ақсу ауданында ірімшік шығаратын зауыт, оны шикізатпен қамтамасыз ететін тауарлы сүт фермалары салына бастады. Қызылағаш ауылында «Агрохолдинг Ақсу» ЖШС шамамен 5 млрд. теңге инвестиция құйып, осы жобаларды қолға алуда. Өткен жылдан бері 1300 басқа арналған тауарлы сүт фермасын салуға кірісіп, фермаға Даниядан 600-ден астам бас ірі қара әкелген. Алда тағы екінші ферманың құрылысын бастауға ниетті. Жергілікті жұмысшыларға арнап 80 тұрғын үй салу межеленген. Кеше Ақсу ауданына барған сапарында облыс әкімі Бейбіт Исабаев осындай бастамалардың, су шаруашылығы, құрылыс салаларындағы басқа да нысандардың жайымен танысып қайтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Қызылағаш ауылындағы «Агрохолдинг Ақсу» ЖШС-ның сүт фермасы мен ірімшік шығаратын зауыт салу, тұрғындар үшін 80 үй салу бастамаларын Бейбіт Исабаев қолдайтынын айтты. Тұрғын үйге қажетті инженерлік-инфрақұрылым тартылуына көмек көрсетуді аудан әкімдігіне тапсырды. Ең бастысы жергілікті азаматтарды жұмыспен қамтуға көп көңіл бөлу керектігін еске салды.

Ақсу өңіріндегі тағы бір жақсы жоба - «Ақсу ГЭС» ЖШС-ның форель шаруашылығы. Серіктестіктің балық шаруашылығымен айналысуды былтыр бастаған. Жоба бойынша мұнда 170 тонна тауарлы балық өндірілетін болады. Кәсіпкер іске 515 млн. теңге жеке қаражатын салған. Қазіргі кезде инкубациялық цехтың құрылысы біткен, оған екі инкубациялық аппарат сатып алыныпты. Электр желісі тарылған. Кәсіпорын қазір тоңазытқыш құрылғыларын Панфилов ауданында орнатқан, тауар сол жерден алғашқы өңдеуден өткізіліп, экспортқа жөнелтілетін болады.

Ұзақ жыл тоқтап тұрған тұрған Ақсу қант зауыты іске қосылғаннан кейін оның жобалық қуаты 450 мың тонна қант қызылшасын өңдеуге жеткен. Жүктемені қамтуға шикізат жетіспеушілігі туындағандықтан зауыт қамыс қантын өңдейтін желісін іске қосу жұмыстарына кіріскен.

Бұл ретте Б. Исабаев, қант қызылшасының алқабы бірте-бірте ұлғайтылатынын айтты:

- Ең алдымен суармалы судың мәселесін шешуіміз керек. Қазір суару каналдарын қайта жаңғыртып, қалпына келтіріп жатырмыз. Қант қызылшасын да, қант қамысын да қатар өңдейміз. Көксу қант зауыты соның арқасында жыл бойы үздіксіз жұмыс істеп тұр. Осындай жүйеге Ақсу зауыты да көшуі керек. Өз кезегінде зауыт іргелі кәсіпорын ретінде қант қызылшасының сапасын көтеру ісіне белсене атсалысуы тиіс. Мемлекет қажетті көм жасап отыр, соған лайық сіздер тарапынан да бастамалар болуы керек, қызылша өсіруші шаруашылықтармен бірігіп жұмыс істеп, оларға жәрдем жасап отырсаңыздар, екі тарапқа да тиімді болар еді. Қазір алқаптардағы жұмыстың басым бөлігі қол күшімен атқарылады, ол - ауыр еңбек, сондықтан оны механикаландыруға назар аудару керек, - деді облыс әкімі.

Аудандағы суармалы су жетіспеушілігін шешуге Қызылағаш су қоймасының қалпына келтірілгені үлкен әсерін тигізбек. Су қоймасының толық сыйымдылығы - 42 млн. м3. Мұнда қазір нысанның қауіпсіздігі мен шыдамдылығын тексеру процестері жүріп жатыр. Плотина 7 мыңға жуық гектар жерді суармалы сумен қамтуға кезең-кезеңімен кірісетін болады.

Ауданда ирригациялық жүйелердің құрылысы мен қайта жаңғырту жұмыстары қатар жүріп жатыр. Бұл 12 мыңға жуық гектар суармалы жерді айналымға қосуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде 15 шақырым желі тартылған, тағы 60 шақырымға жүргізіледі. Жалпы Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарындағы ирригациялық желілер мен су қоймаларын қалпына келтірудің арқасында айналымға 25 мың гектардан астам суармалы жер қосылады деп күтілуде.

Сапар барысында Бейбіт Исабаев бірқатар әлеуметтік нысандардың құрылыс жұмыстарының барысын қарады. Сағабүйен ауылындағы Тоқтаров атындағы орта мектептің күрделі жөндеуі кестеге сәйкес қазанның соңына дейін аяқталуы тиіс. Оқушылар екінші тоқсанды туған ауылының жаңарған мектебінде оқитын болады. Сағакүрес ауылында шағын орталығы бар 120 орынды жаңа мектеп салынып жатыр.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.



ЕЛ ЖҮРЕГІ -

АСТАНА

Ауданның орталығы І.Жансүгіров ауылында орталық алаңда 6 шілде - "Астана күні мерекесіне" орай ауқымды іс - шара өтті.

Шараға аудан тұрғындары мен қонақтары, ардагерлер, белсенді жастар және БАҚ өкілдері қатысты. Мерекелік іс - шарада аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Отарбайұлы құттықтау сөз сөйлеп, бұл мереке еліміз үшін қуанышты мейрам екенін атап өтті. «Астана ең қысқа мерзім ішінде салынып, бүкіл еліміздің қарышты дамуының нышанына, жаһандық сәулет өнеріндегі қайталанбас «Ғасыр жобасына» айналды. Ұлы Даланың Елордасы әлемнің түкпір - түкпіріндегі халықтың басын қосатын халықаралық бітімгерлік алаңы болып танылды. Астанада дүниежүзілік мәселелер талқыланып, жалпы адамзаттық озық идеялар жүзеге асырылуда. Елордамыздың мерейлі мерекесі құтты болсын! Еліміз дамып, өркендей берсін!,- деді аудан әкімінің орынбасары.

Мерекелік іс - шарада патриоттық әндер айтылды. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары орталық алаңды әсем әнге бөлеп, аудан



тұрғындары мен қонақтарына көтеріңкі көңіл - күй сыйлады. Түрлі ұлттық ойындар ойналып, бағалы сыйлықтар тарту етілді. Орталық алаңда ғана емес, кент аспанында бұл күні - әуелеген өн мен күмбірлеген күй ойнап тұрды. **Мағжан ШЫНДӨУЛЕТ.**

Қыстың қамын жазда ойла!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2022 - 2023 жылдардың жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының қысқаруына әкеп соғады.

Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

СУ - ТІРШІЛІК КӨЗІ

Су - тіршілік көзі. Иә, судың тіршілік көзі екендігіне ешкім де қарсы дау айта алмайды. Әсіресе, ауыз судың адам баласының өмірі үшін маңызы өте зор. Ауыз су ғана емес ауданымыздағы негізгі сала ауылшаруашылығы осы судың арқасында өркендеп келеді. Ал, жер қойнауында жасырынып жатқан осынау тіршілік көзінің қанша екенін ешкім деп басып айта алмайды. Алайда, осы саланы зерттеумен айналысып жүрген ғалымдардың пайымдауына оның мөлшері тым аз қалса керек. Сондықтан болар Елбасы өзінің Жолдауында Қазақстан халқын оны үнемдеуге шақырады.

Аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында Үкіметтің қаулысына сәйкес ресми түрде белгіленген. 9 шілде Кәсіби мерекеге орай, «Қазсушар» РМК-нің Ақсу аудандық филиалының су шаруашылығы ардагерлері мен сала мамандарының қатысуымен аудан әкімдігінің мәжіліс залында салтанатты жиын өткізілді. Аудан әкімінің орынбасары Серік Әділбекұлы аймақтың



су шаруашылығы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, аудан экономикасының дамуы барысында атқарып келе жатқан жұмыстарына табыс, сәттілік тіледі.

«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының атқарушы хатшысы Күләйхан Даулетбекова да кәсіби мерекемен құттықтады.

Салтанатты жиында су шаруашылығы қызметкерлеріне аудан әкімінің "Құрмет Грамотасы" және «AMANAT» партиясы атынан "Алғыс хаттар" табысталды.

Өз тілшімізден.

БАСПАСӨЗ - 2022

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА
ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "Қазпошта" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"Ақсу өңірі" газетіне жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750



ПАРТИЯ ФИЛИАЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУЫ

Қапал ауылдық округінде «AMANAT» партиясы Ақсу аудандық партия филиалының мобильді қоғамдық қабылдауы өткізілді. Ақсу аудандық партия филиалының төрағасы, аудан әкімі Е.Базарханов, Ақсу аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы, аудандық мәслихат депутаты К.Дәулетбекова, аудандық ауру-

хана директоры С.Мықтыбаева, аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Н.Мырзекөв ауыл тұрғындарын толғандырып жүрген сұрақтарына аудандық мәслихат депутаттары, мекеме басшылары жауап берді.

Көтерілген өзекті мәселелер бойынша шаралар қабылданып, орындалуы қадағаланады.

ДЕПУТАТТЫҚ ФРАКЦИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ



2022 жылдың 14 шілде күні Ақсу аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының кезекті отырысы болып өтті. Отырысқа депутаттық фракция мүшелері онлайн және офлайн, мекеме басшылары қатысты. Отырыста қаралған мәселе: 1.«AMANAT» партиясы Сайлауалды бағдарламасының Жол картасының көрсеткіштерінің Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінде орындалуы туралы; 2. Сыйбалас жемқорлыққа қарсы іс - қимылдың 2015 - 2025 жылдарға арналған бағдарламасының аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде орындалуы туралы; 3. Ақсу ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды тиімді пайдалану жөнінде 2021 - 2022 жылдарға арналған шараның және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінде орындалуы туралы;

Күн тәртібіндегі мәселелер толығымен қаралып, отырысқа қорытынды жасалып, шешім қабылданды.

Еламан МАРАТОВ,
аудандық партия филиалының консультанты.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕ

«AMANAT» партиясы жанындағы «Әлеуметтік мәселелер жөніндегі» қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Отырысқа аудандық білім бөлімінің басшысы Б.Рамазанов, аудандық ішкі саясат, мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Н.Қасымбеков, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қ.Бекбаланов және Жансүгіров, Қапал, Ақсу бастауыш партия ұйымдарының төрағалары қатысты.

Отырыста қаралған мәселелер:

1. Сайлауалды бағдарламаның жүзеге асырудың Жол картасының көрсеткіштерінің аудандық білім бөлімінде орындалуы туралы;

2. «Бақытты отбасы» партиялық жобасының аудандық ішкі саясат, мәдениет және спорт бөлімінде орындалуы туралы;

3. «Кедергісіз келешек» партиялық жобасының аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде орындалуы туралы;

4. Жансүгіров, Қапал, Ақсу ауылдық округтерінде «Же-



дел топ» мүшелерінің атқарған жұмысы туралы;

Отырыс барысында қаралған мәселелер бойынша шешім шығарылып, алдағы уақыттағы жұмыстары нақтыланды.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
«AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының **эксперті.**

ТҰҒЫРЫ БИІК ҚАЗАҚ ТІЛІ!



Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн.

Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет», - деген жолдауындағы сөздерін барша қазақстандық құптайды. Біздің тіліміз - бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы.

Кез - келген елде тілдік ахуал өзгерген жағдайда тіл саясаты да жаңа талаптармен толығып отыратыны ақиқат. Және де барлық елдерде мемлекеттік тілді білу заң арқылы міндеттелген. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп

көрсетілген. Әлемде жеті түркі мемлекеті бар десек, соның алтауы өз тілінде ел басқарып, бір-бірімен қарым - қатынасты тек өз тілінде жасауда. Кез келген қазақ, қазақстандық бір-бірімен тек мемлекеттік тілде сөйлесетін уақыт келді.

Тәуелсіздік қазаққа не берді десек, санымыз өсті, санамыз өркендеді, рухымыз жанданды. Рухымызбен бірге тіліміздің тұғыры да биіктеуі шарт. Ана тілі – алтын қазына, ана тілін қадірлеу, беделін нығайту біздің парызымыз. Абай өрлеген тіл, Жамбыл жырлаған тіл – қазақ тілі, Мәңгілік елдің Мәңгілік тілі болып қала бермек.

С.ИМАНЖАНОВА,
аудандық сотының кеңсе меңгерушісі.

МЕДИАЦИЯ – ЖАҢАРҒАН ДӘСТҮР!

Біз қазақ халқы ежелден мәмілегер халықпыз. Кез келген мәселені, дауды келісіммен шешіп, бітімге келе білгендіміз баршамызға тарихтан белгілі. Қара қылды қақ жарған әділ бидің бір ауыз кесімді сөзіне бағынып, бітімге келетін ата-бабамыздың бітімгершілік жолын бүгінгі қоғамда жалғастыру мүмкін бе?

Иә, әрине, ол мүмкін. Осы ретте сол байырғы қанымызда бар қасиетті заңнамалық заманауи тұрғыда дамып келе жатқан медиация ұғымымен байланыстыра аламыз.

Қазақ сөзге тоқтаған халық. Елді ортақ мақсат-мүддеге жұмылдыруда арнайы Дала парламенті жұмыс істеді. Онда ақсақалдардың байламына тоқтап, дауласқан тараптар келісімге келіп отырды. Төрелігін айтқан шақта, би ағасы екі жақтың уәжін тыңдап, айтыпның кінәсін мойындаып, татуластырып отырғандығы бәрімізге белгілі.

Осылайша көптеген мәселелер мәмілегерлік жолмен шешіліп, ел іші де тыныш болған. Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең озық өнегесі ретінде таныс. Демек қазіргі медиация, біздің тарихымызда баяғыдан бар дәстүр.

Медиатор сол тарихтарды айтылған қара қылды

қақ жарған әділ билеріміздің орнында, олар да дауды қаншалықты шешуге болатындығын, тараптардың қайсысы бейбіт шешімге жақын екендігін анықтап, өз тәжірибесіне сүйене отырып, тараптардың ортақ шешімге өз еріктерімен келуіне жағдайлар туғызады. Екі тараптарда татуластырып, бітімге келтіреді.

Медиация жүйесінің дамуы Қазақстандағы сот жұмысына жеңілдік жасап, дауды диалог арқылы оңтайлы шешуге мүмкіндік беріп, халықтың құқықтық мәдениетінің дамуына зор ықпал ететіні анық. Медиация рәсімінің де басты мақсаты – дауға қатысты тараптарды қанағаттандыратын шешім табу. Яғни, байырғы игі дәстүріміз бүгінгі күні заңнамаға еніп, өмірімізге қайта келуде.

Халқымызда «Бақ қайда барасың – ынтымаққа барамын» деген дана сөз бар. Сол ай-тыл-ғандай, бірлікке жететін бай-лық жоқ, татулыққа жететін тірлік жоқ. Арамыздағы ынтымақтастық пен достығымызды сақтай білейік.

Д.СҰЛТАНОВА,
аудандық сотының бас маман - сот отырысының хатшысы.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС БОРЫШЫМЫЗ!

Сыйбалас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат пен қоғамдық бәсекелестік пайда олған жерлерде тамырын жайым, бүгінге дейін жойылмай отырған ауыр кесел. Бұл дерт дамыған елдерде де, біздің мемлекетімізге де зор қауіп төндеріп отыр.

Сыйбалас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыйбалас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында



сыйбалас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпебет келеді. Сондықтан кез - келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз


қажет. Қазіргі кезде «Пара берсем, мен жазаланбаймын, пара алушы ғана жазаланады.» – деген тұжырымдама қалыптасып келеді. Бұл – Қате! Пара алушы да, пара беруші де жазаланады. Сондықтан да, пара алушыны ғана емес, пара берушіні де жемқор, қылмыскер ретінде қарап, әр адам пара бермей, өзінен бастауы қажет.

Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұжымдауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыйбалас жемқорлықпен күресу барлық азаматтар үшін мемлекеттік саясаттарының азаматтық борышы деп білу керек.

А.РАЗБЕКОВА,
аудандық сотының бас маман - сот отырысының хатшысы.

ЖАМАУТАНУ БЕТІ



Жама БҰХАРБАЕВ.
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Тақырыпты осылай қойдым, шын мәнінде аға досымыз Жама Бұхарбаевтың бітім - болмысына осы теңеу тән. Жақсы көрген адамына «айнам» мен «айналайыным» аямайтын ағамыз елдік мүддеге келгенде ұсақтамайтын. Бетке айтатын. Тіліп түсетін. Ірі турайтын.

Өзінен бұрын ара - тұра газет беттеріндегі өлеңдерімен ұшырасып жүріп ақын ағамызбен 1977 жылы дидактика факультетінің сырттан оқитын бөліміне түскенмін. Менен ондаған жас үлкендігі бар Ордаш ағамызбен – Ордабек Кендірбаевпен бірге оқимын. Пәтерде бірге тұрамын. Әңгімеміз Талдықорғандағы, Алматыдағы өзіміз білетін ақын-жазушылар төңірегінде. Бір-бірімізді жалықпай тыңдап, ара - арасында жаңа өлеңдерімізді оқып, пікірлесуден шаршамайтынбыз.

Бір күні Орекең «Жамау Бұхарбаев келіпті, «Жетісу» мейманханасында екен», - деп менің жаныма жағатын жаңалықты жеткізді. Қуанып кеттім. Сырттай таныс болғанша жақыннан көріп-білгенге не жетсін! Сабақтан қолымыз бос мезгіл. «Жетісуды» бетке алып, салып ұрып жеткенбіз.

- О-о, Ореке! Жақсы келдіңдер!, - деп достық рәуішпен қарсы алды Жәкең. Мені де сырттай біледі екен. Қолымды құшырлана қысып, төрге шығарды.

Сол күні шай үстінде еркін пікірлестік. Жыр жинағын баспаға әкеліпті. Өзі дидактикасы, ақыл - кеңесін алып жүрген қазақ әңгімесінің классигі Сайын Мұратбековтың, поэзияда өзіндік орны бар көрнекті ақын Сәкен Иманасовтың

жаңа өлеңдері жайында оңды пікірлерін естіпті. Уақыттан озып айтсам сол жолғы қолжазбасы іріктеліп, кейіннен жыр топтамалары «Баспалдақтар» деген жинаққа енді.

Содан бері біздің жолымыз сан рет түйісті. Мен сырттай бөлімнің 2 курсын аяқтағаннан кейін, декан Темірбек Қожакеевтің ұсынысымен газеттегі жұмысымнан шығып, қайтадан екінші курстан іштей оқуға бел байладым. Студенттік өмірдің қызық-шыжығын бастан кеше жүріп, 1983 жылы ауылға дипломды журналист болып оралдым. Осы аралықта облыстық, аудандық газеттерден қол үзгем жоқ. Талдықорғанға жол түскенде Жәкеңнің шығармашылығына жиі ден қоятынмын. Жылдар өте келе етене араласып, оның сыр-сипатын, мінез-құлқын жете тани түстім. Жылы сөзінде жүрек тербетер перне көп болатын. Жақындаған соң одан алыстау мүмкін емес. Жақтырмаған адамына дауысы

Осындай өмірлік сауалдарды көтеру үшін арнайы іссапар алған екен. Мен Лепсіде газеттемін. Жұмыс қолбайлау болып бірге еріп бара алмадым. Бірақ қоналқаға біздің үйге түсуін өтіндім. Кейін шешем Шәмшия аға досымның адамаға үйірсеңдігің, кісілігің маған үлгі етіп айтып отыратын болды.

Қайбір жылы Лепсіде үлкен бір дастарханда бас қостық. Ордаш ақын екеуі алдын ала келісіп-пішпей-ақ біздің ауылда дидактикасып, құдайы қонақ болды. Таңды таңға ұрып, өлең қазынасын ақтарып, сырласқан шақтар енді сағым болып алысқа ұзап барады. Сол жылдары Лепсідегі орталық дәріхананың басшысы болған Қазбек Байболов Жәкеңнің мектептегі шәкірті екен. Асып-төгілген қошаменетті сезініп, ақын көңілінің көтерілгенін көрсеніз...

Күшену әлсіздіктің белгісі деп жатады. Ал, шығармашылықтағы күшену дарынсыздарға тән. Жәкең өлермен, күшеншек ақынсымақтардан іргесін аулақ салатын. Туған елі Илияс Жансүгіровтың



Жомарт ИГІМАН.
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

шаруашылық басшысы жаңа салынған үйлердің бірін кезегі келіп тұрған адамға емес жақынына заңдастырып беріпті. Шағым иесі ағамызбен бірге келген екен.

- Жомартжан, саған қолқа салып келдім, бізбен бірге жүр, директор жігіт маған бауыр болып келеді. Қатты айтып, жағасынан алып жүрмейін. Сөз тізгінін өзің алып, бұл мәселені оңтайлы шешіп берейік.

Аға айтты, біз көндік. Сапарлас болып аталған елді - мекенге жеттік. Директор орнында жоқ болса да кәсіподақ жетекшісінің, комиссия мүшелерінің басын қосып ет пісірім уақыт кеңестік. Сөзіміз пәтуалы болды, комиссия ордерді заңды иесіне жазып берді. Сол азамат анда-санда жолығып қалғанда Жамау Бұхарбаевтың кісілігін айтып, алғысын ақтарып жүреді. «Азатты» басқарғандағы Жәкең араласқан шиеленісті жағдаяттардың бәрі де ел мүддесіне орай шешілгенін ешкім жоққа шығара алмас.

Келер жылдың қаңтарында Лепсіде 35 жасқа толуыма орай шығармашылық кешім ұйымдастырылатын болды да Жәкеңе телефон шалдым.

- Облыстық кеңес депутаттығына кандидатурамды ұсынып едім. Сайлау жақын қалды, кестеге сай кездесулерім бар,- деді ақын ағам.

Ол кешіме келе алмады. Бақилық болғалы бері қаламдастар ортасында өткен күнге ой жігіткен сәттерімде Жәкең туралы айттым. Өлеңдерім оқимын, осындай бір нөқтаға басы сыймаған ақын азамат болғанын кейінгілер айта жүрсін деймін.

ІРІЛІК

Келер жылы тоқсан жасқа толатын «Сарқан» газетінің өтпелі кезеңде тізгінін ұстаған Жамау Беркімбаулы Бұхарбаев туралы естелік

қатқыл, көп сөзді, күлбітелеуді сүймейтін. Жорғадай жылжыған, жүйріктей жылмиған жігіттерді жан-тәнімен жек көретін. Және де жек көретіндігін пішінімен, сөзімен сездіріп қоятын. Кейде ақ тер, көк терің шықса да жеңістік бермейтін мылжындардың үндемей-ақ мысын құртатын сабырдан да кенде емес еді. Қанша араласып жүрсек те ішкі сырын біз сияқты лақ еткізіп ақтар салмайтын. Пушкин қаламынан туған «Жасынан түсін билеп, сыр бермеген» Онегин сипаты оның мінез-құлқына дөп келетін-ді.

Талдықорған облыстық «Октябрь туы» газетінде жүргенде оның қолайына очерк жанры жақты. Бірде-бір очеркін көзден таса қылмай қайталап оқитынымын. Көркем әңгімеге бергісіз. Ақындық шабытпен жазылады. Мөлдіреп тұрған шынайы сурет, балталасаң бұзылмайтын сөз тіркестері қызықтырады. «Осылай жазу керек, осылай көсілу керек» дейтінмін аға әріптесімнің қарымы мен шалымына ризашылығымды жасыра алмай. Бірде Ақтоғайға жолы түсті, қазіргі «Қазақмыс» комбинатының орнында геологиялық-барлау партиялары жұмыс істейтін. Кеннің қоры қаншалықты, болашақ өндіріс ошағының жергілікті халыққа пайдасы бар ма, зияны зор ма?

ғасыр тойын өткізгенде жастар арасындағы мүшәйралардан, аламан айтыстардан тек қана таланттылардың топжарғанын қалайтын. Тоқсаныншы жылдары Талдықорғанда өткен жыр жарыстарынан да осы әділдікті талап етіп, ағаларына жақпай жүретіні есімде.

Жәкең отансүйгіш еді. Елінің қамын, ұлтының болашағын көп ойлайтын. Ақсу аудандық «Қазақ тілі» қоғамның көш басында жүргенде, «Азат» партиясының аудандық филиалын басқарғанда ел мүддесін басты орынға қойды. Бұл тұрғыдан алғанда Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың «Бас пайдадан көрі, ел пайдасын ойлау керек», - деген өсиетіне сай ғұмыр кешті. Атам қазақтың «Жаныңды қинасаң ерлік оңай, жақынына бұрмасаң билік оңай», - деген даналығын зердесіне тоқып, құлағына құйып өскен бе дерсің.

1993 жылдың қоңыр күзі. Кештетіп жұмыстан келсем есік алдында бейтаныс көлік тұр екен. Тамақ қамдап, зыр жүгіріп жүрген зайыбым Сайраш үйге Жамау ағаның келгенін айтты.

Амандасып, дастархан басына отырған соң Жәкеңнің бұйымтайын білдік. Сол жылдардағы біздің ауданға қарасты бір

Күміс медаль – ерлігінен бір белгі, Балдағымен түртіп айдап күндерді, Жау жорығын төмем қылып Пруста, Ауылына Жеңіс күні бұл келді.

Шүкір, ана,
Тірі оралды түздегі ер,
Шашу болып ақтарылды сүзбелер.
Шәйіттерге салауат деп,
Жұбаныш
Жараланып қайтқандардан іздеді ел.

Той оралды.
Күлді күндер шуақты,
Майдангерлер рухымен қуатты,
Жетімдердің иықтағы жүгін ап,
Жесірлерді мейіріммен жұбатты.

Емші уақыт, жыл артынан жыл келер,
Жасылданып, нуға айналды

жүлделер.
Қала болды қараң - құраң ауылдар,
Нәубет күнде найқалды да,

гүлдеді ел.
Гүлдеді де, қаздар көшті тыраулап,
Айға кезек берді көктен күн аунап.
Қарт шыңдардың найзасынан

ұшқан шаң,
Қонып қалды самайларға қылаулап.

Сыңар аяқ кешіп өткен гүлдерді
Сансыз күннен қалады ғой бір белгі.
Осы шалдың өзі құраң совхозға,
Жұмысшы етіп алты арыстай

ұл берді.
Ұлдар қандай?
Шеттерінен жанады,
Комбайншы. Ұста.

Балта маманы,
Екі шопан еріп шықты осы үйден,
Жұрт айтады: «Бәрі күреп алады».

Ұлдарына, мүмкін, енді соқпауым,
Алғанында – қойғанында жоқ дауым.
Бала көңіл, аңқылдаған қайран шал
Таяқ қылып кемпірінің оқтауын.

Жүре берер,
Өндірішегі албардай,
Бейтаныстар қарамайды таң қалмай.
Елпең қағып, жуып - шайып жүреді
Андаусызда айтқан сөзін аңғармай.

БАЛДАҚТЫ ҚАРТ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА



Десе дағы есе тиіп бақтан да,
Жүлде алып,
Жүрек күліп жатқанда,
Үш жарым жыл өртті кешіп өткен ол,
Барған емес жалғыз ауыз мақтанға.

Кездесуде сұрақ туса алқынып,
Тайқи жауап беретұғын тартынып.
«Бұл балтамен шауып алған аяғын,
Аш қарынға түсіп кетіп жартылық», -

Дейтін кілең қалжың қуған құрдастар,
Құтылатын сөзге мойын бұрмастан.
Ақтармай-ақ көшті жарық пәниден,
Соғыстағы ерлік жайлы сыр-дастан.

«Ұрпақтарға үлгі айтам» деп,
Біледі ел,
Кей көппелер кеуде соғып шіререн,
Мезі етіп бейбіт күннің мінбесін,
Сәл нәрсені керемет қып жіберер.

Бұл кезде де, қолтық қызып,
жақ ашпай,

Іштен шалып езуліні,
Таласпай,
Отыратын олпы - солпы,
Балдағын

Сипап қойып көрі қара ағаштай.

Ешбір тойдан ескерусіз қалмаған,
Қызып алса, қызық - қызық салған өн.
Ауылына тартқан аңғал мінезі,
Ұнаушы еді болмысымен шал маған.

Болмысымен маған қатты ұнады,
Ұмытпаймын, көз алдымда тұрады.
Өмірінде укол алып көрмеген,
Қайран қартым, бір күні қатты құлады.

Замандастар көңілін шындап пәс қылып,
Қатты ауырып,
Бар әулетін састырып
Жатқан кезде, болды үлкен жаңалық,
Көрші - қолаң хабар күтті жақсылық.

Мына жылдар әрі аңқау, әрі есті
Шалдыққанда,
Сана тартып көмескі,
Келді үйіне полковник – Военком,
Шақырғандай шал жіберіп «пәбескі».

Төгілдердей тері шыққан ту жолда
Аула алдында алқынады сұр «Волга».
Шығып жатыр ергежейлі есіктен
Полковник,
Гүл ұстаған бір қолға.

Жазылмастан ұйып қалған

арқа – бел,

Шақырмастан қонақ келді,
Аң - таң ел.
Селсебеттің салпы қарын ағасы
Ере шықты,
Шаң ұшырып ай төбел.

Көкті тіреп жүруші еді бір өзі,
Бүгін тіпті өзгеріпті мінезі.
«Хал қалайлап» құрақ ұшып барады,
«Хал сұрауға қол тимеді, зәрәзі»,-

Деп басталған сыр әріге ұласты,
Салпы қарын сілтеп-ақ тұр құлашты.
Полковник тегін келген жоқ екен,
Біздің шалдың Ер шыққаны рас-ты.

Мақтанбаған,
Көкірегін қақпаған,
Ер Жұлдызын омырауға тақпаған,
Байтақ елдің оттан ыстық жүрегі,
Архив болып отыз бес жыл сақтаған.

Жеткен екен иесіне, күн - қазы,
Кете берді кең ордада нұр тасып.
Батыр атақ берген алтын сиямен
Главкомның қол қойылған Указы.

Тас үстінде қатып қалған мүсіндей,
Шала естіп,
Кейбір сөзін түсінбей,
Күшпен ғана күлімсіреп жатып ол,
Жүре берді кірпікке ніл түсірмей.

Жыр таусылды «Өмір» атты жаттанды,
Құрдас қалды,
Ұрпақ қалды,
Бақ қалды.

Бала болып еркелеген Елінен
Батыр болып мәңгілікке аттанды.
Ер рухы қабірден де тіл қатар,
Тіл қатар да, әмбемізге тыңдатар.

Сыңар балтыр сыздайтуғын сол үйде
Алтын Жұлдыз,
Ағаш аяқ тұр қатар...

Талай кешті тамсандырған ақын қып,
Талай таңды содан бері атырдық.
Дауылдатып өтсе дағы даңқымен,
Даңғазаны сүймейді екен Батырлық.

Кім біледі Жұмағали Тұрсынұлын?
Кешегі таудың ерке, қырсық ұлын.
Бүгін енді ардақты ата болып –
Ақсуым жеміс берді бұл шыбығың.
Қамын жемей басының, құлқының,
Бәрін сырып дүние жылтырының.
Туып өскен жеріне туын тігіп,
Жамау болған ауылға жыртқы мың.
Өзіңізбен танысып былтыр інің,
Бүгін енді ақтарды сыр тұнығын.
Ауылдас, бауырласқа жеткізейін,
Ағаның жүрегінің дүрсіл үнін.
Жары болып Талғардың сылқымының,
Өз қолымен жасады тіршілігін.
Қалдырған білім, спорт саласына,
Ағаның кейінгі ұрпақ білсін ізін.
Ойланyp елдің ертең, бүрсүгінің,
Шешімін тапқан өмір тылсымының.
«Тәуелсіз ел тарланы» құтты болсын,
Еңбекпен көтерілген бұл тұғырың.
Ағаны құрметтесе жұрты бүгін.
Қалайша қуанбайды шіркін інің.
Мекке барған қажылық қабыл болсын,
Оқыған намаз бенен құлшылығың...
Бұл өткен жылы Жұмағали ағамыз ту-
ралы жазған «Асылдың сынығы» атты
мақаламдағы өзімнің ағаға арнауым.
Бүгінгі жазатын әңгімеді де осы өз
өлеңіммен бастайын деп отырмын.
Себебі, бұл жазғалы отырған мақалам
да «Туған жеріне туын тігіп» туған
ауылының жыртқына жамау болып,
туған елі үшін алау болып жанып, жалау
болып желбіреген, елі үшін елжіреген
Жұмағали ағамыз туралы болмақ.
Өткен жылдың соңына қарай Жұмағали
ағамыздың балалық шағынан, ағалық
кезеңіне дейін жеткен жетістіктері мен
жіберіп алған кемшіліктерін ой елегінен
өткізіп жазған «Өмір өткелдері» атты
кітабы жарық көрді. Бұл жаңа туынды-
сын шықпай тұрып мен оқып көрдім де,
өз пікірімді жазып едім. Пікірімді Құрметті
Жұмағали Тұрсынұлы! – деп бастап:



Өрендерің жалғасын ісінді ата.
Өтірікті сүймейтін шыншылдығың,
Өркөкірек жандардың мысын баса.

Өзге жерде шығарып аудан атын,
Өз елі үшін ұстаған жау жағасын.
Өрілген өлеңменен жырға қостым,
Өрге қарай өрлеген тау баласын.

Өнер менен білімді қатар ұстап,
Өзекті іспен толтырған айналасын.
Өсиет пен кеңестің бәрі осында,
Өзіңе керекті тауып аласың!... – деп,
соңына Ербол Сымханов, Қазақстан Жур-
налистер одағының мүшесі. Ақсу ауданы –
деп қолымды қойдым.

Міне, осы кітап әсер етті ме, өлде туған ауылының жағдайын көзімен көрген соң жа-
нына батты ма? ағамыз Талғарға барғаннан соң
тыныш ұйықтай алмады. Шалғайдағы шағын
ауылының өшкелі тұрған шырағын қайта
жағуды алдына мақсат қойды. «Жаяудың шаңы
шықпас, жалғыздың үні шықпас», – дегенді
түсінген ағамыз ауылдан көшіп кеткен,
қазір ауылда тұрып жатқан жерлестерінің
басын қосып, жағдайды түсіндірді. «Шуу де-
ген атқа күш берер, әуіп деген жігітке күш
берер», – дегендей Жұмағали ағамыздың
бастамасын жерлестері құптады. Бар жоғы екі

қонақтар қатысты. Біз де алып ұшып
жеттік. Осы барғанымызда жолдың
қиындығын өз басымыздан өткізіп
қайттық. Автокөлігіміздің астын соғып,
майын ағызып, салқындатқышын жа-
рып, көлігімізді қыздырып әрең жеттік.
Қайтқанда да өз көлігімізбен емес, өз
көлігімізді арнайы жүк көлігімен әрең алып
келдік. Жол азабын жүрген біледі, шалғай
ауылдың мәселесін көзбен көрген біледі
екен.

Жұмағали Тұрсынұлы Ақтөбе ауылының
талай жылдан шешілмей келе жатқан
проблемаларының бетін Қазақстан
халқына, жоғары билікке жеткізді, 5
БАҚ беттеріне, 2 телеарнаға шығаруға
мұрындық болды. Соның арқасында
ауылдың ауыз су мәселесі, электр жарығы,
медициналық пункті, интернет желісі, жол
және көпір мәселесі көтеріліп, талай шаруа
дереву қолға алынды. Негізі бұл мәселелер
бұрынғы «Nur Otan» партиясының сайлау-
алды бағдарламасында бар мәселелер
болатын. «Nur Otan»-ның аманатын
арқалаған қазіргі «AMANAT» партиясы да,
аудан әкімдігі де іске кірісіп, кезегін күтіп
тұрған мәселелерді алдыға жылжытуда.

Сонымен қатар ағамыз Ақтөбеге арнап
ән шығаруға атсалысты: сөзі М.Қауысов,
әні Е.Бөрібаев, орындаушы М.Парманов.
Бұл ән Ақтөбе ауылының Гимніне айнал-
ды.

АҚТӨБЕ

Қыр басында қалықтаған Ақтөбем,
Алтын бесік, ардақтаған бақ төбем.
Ауылымда ата жұрттың тарихы,
Бабаларым сауыт киген ақ берен.

Қайырмасы:
Алтын бесік Ақтөбе,
Өмір, көңіл айнасы.
Келешегің көркем боп,
Қырдағы гүлдей жайнашы.

Талдыбұлақ таң нұрына бөленген,
Ақтөбеден аңыз кие көрем мен.
Ақсу, Бүйен, Теректіден нәр алып,

Ел мен жердің көсегесі көгерген.

Көкжар бойлай, Көксай жалдап қарағай,
Тырмысады ойын қуған баладай.
Ақтөбемнің үлкен кіші сөбіі
Шашу моншақ жырлар шәштім толағай.

Бесқарағай, Шетбұлақтың белесі.
Шақырады бабалардың елесі.
Сағым қуып, ағым қуып кеткендер
Орал дейді, ауыл биік төбесі.
Сондай ақ аста оқылған өлеңдер
елдің патриоттық сезімін оятты. Қайрат
Сейдахметұлы:


Еңсесі биік Ақтөбе,
Өзіңе арнап жыр жазған
Шет көріп мені жат деме..
Біреуге ерте бірде кеш,
Қонады екен бақ неге..?
Ақтөбе сенде арман жоқ,
Айрандай боп бір ұйып
Ұрпағың келер жиылып
Өзіңе қарай жол тартты,
Бір Алпаға сыйынып..
Жатырмысың Ақтөбе,
Ертеңнің күтіп ақ таңын
Қызарып күннің батқанын.
Өмірден өткендеріңді,
Қойныңа алып жатқаның..
Айналайын Ақтөбе
Атына қонды ұлдарың,
Арнайы құран оқытып
Ауылдың татар тұз дөмін.
Құшақ жайып қарсы алшы,
Сағынып келер қыздарың..
Қараша өне қара үй тұр
Шешеннің жаққан ошағы..
Өткеннің келіп елесі,
Көңілі қыздың босады.
Қайран да қайран шешелер,
Ащыбұлақтан шаң шықса
Тапжылмай тұрып қарайлап,
Жеткенше аман тосады..
Ұл қызын қатар ойлаған,
Болсын деп аман қошағы.
Қайран да қайран әкелер,
Елесің ешбір өшпеген.
Ауылдан ұрпақ көшкенмен,
Көңілден ауыл көшпеген.
Артыңнан міне келеді,
Ұрпағың өсіп өскелең..
Ал ағайын, ағайын!
Дүние деген дүрлікпе
Тарыдай мынау шашылып,
Бас қосылмай жүрдік те..
Шаруаң еш бітпейді,
Дүние қоныз тірлікте.
Тұлпардың орнын тай басқан
Дүние кетер май басқан,
Аласапыран заманда,
Болайық енді бірлікте.
Ақын ағамыздың екінші өлеңі былай
деп басталады екен. Қандай керемет.

Ақтөбе.
Ақтөбе... Алатауға ірге дейсің,
Жақынбыз бәрінен де күнге дейсің
Ақсудың көк тасына қайрасам да,
Тәкаппарсың, білемін, үндемейсің...

Сен биіксің, бәрінен жоғарысың,
Жазда жаңбыр, қыста қар, борары
шын.

Бесқарағай, шыршаның жұпар иісі,
Дертке дауа, шипажай, қонақ үшін..
Енді, ауылдағы мәселелер тура-
лы облыстық БАҚ – да жарияланған
мақалаларға кезек берейін.
«Айқын» ақпарат. Шекарадағы
ауылдың шаруасы шатқаяқтап тұр. Авто-
ры: Болат АБАҒАН, облыстық «Жетісу»
газетінің бас редакторы.
Жер ұйығы Жетісудағы Қапал

Көкбөкбаев Жұмағали Тұрсынұлы



Сіздің әлі жарық көрмеген
кітабыңыздың түп нұсқасын бірінші бо-
лып бастан - аяқ оқып шыққан соң - кітап
туралы пікірімді сұрадыңыз. Кітап керемет!

Сұрағаныңыз - сынағаныңыз деп
түсініп, «Ақынға қара сөзден өлең
оңай», – дегендей ойымды өлең жолдары-
мымен білдіргенді жөн санадым және
кітаптың аты «Өмір өткелдері» болған
соң, «Өзекке тепсе де өлімге кимайтын»
өз еліңіздің атынан жазатын өлеңмен
өрнектелген өз ойымды «Ө» әрпінен
бастағанды қаладым. Қабыл алыңыз –
деп, басына анотация жазып:

Өтсе де жалынды шақ, тасқынды кез,
Өмір өзі есейтіп, аштырды көз.
Өсіп өнген туған жер қасиетті,
Өн бойыңнан көрінер Ақсу мінез.


Өнеге екен ұрпаққа үлгілерің,
Өркеніңе күш берді бұл мінезің.
Өгіз мініп өссең де бала кезде,
Өлеңменен арғымақ мінгіземін.

Өкініштің татсаң да ылғи дәмін,
Өжеттікпен еңсере білдің бәрін.
Өртенсе де дүние астан - кестең,
Өшпейтін із болады бұл жинағың...

Өрнектелген ойлар бар ұтымды аса,

айдың ішінде ауылдастардан үш жарым
миллион ақшалай қаржы, оның сыртын-
да малдай, заттай көмектерді айтпағанда
біраз қаражат жиналды. Алдымен «Өлі
риза болмай, тірі байымайды», – деп ауыл
маңындағы ата – баба қорымын қоршады.
Қоршаудан қалған материалдармен бала-
лар ойнайтын алаң жасалынды. Ауылға
80 адам сиятын ұзындығы 12 метр, ені 5
метр жаздық хатымхана, қазандығымен
салынды. Сол орынға ауылдастар жи-
налып, ата – бабаларына арнап құран
бағыштап, ас берілді. Бұл жарық дүниеден
өткен жақындары мен жайсаңдарын
еске алып, аруағына бағыштап ас беру
– халқымыздың ежелден келе жатқан
мұсылман дінін қабылдағанға дейінгі на-
нымдарынан ауысқан дәстүрлерінің бірі.
«Өлі жебемей, тірі байымайды», – деген
ұғыммен тамырлас бұл үрдістің мазмұны
– қақиға көшкен ата-баба рухына ізінің
қайырлылығын ұрпағының разылығын
білдіруге сырттай желеп-жебеп жүрулерін
тілек етуге саяды. Екіншіден, ас беру
арқылы жақсы жайсаңдардың басы
қосылып, талай әлеуметтік мәселелерді
дастархан басында шешкен. Оған тарихи
дәлелдер де бар.

Иә, осы аста да талай мәселелердің
басы бері қарады. Себебі, асқа ау-
дан әкімдігінен де, БАҚ өкілдерінен де



аймағының жағдайы Ақсу және Ескелді аудандарына қосылғаннан кейін тіптен нашарлай түсті. 1997 жылдан бері жергілікті жұрт сол күндерді аңсап, үмітпен күн кешіп келеді. Қытаймен шекарадағы тарихи мекендегі Ақтөбе ауылында бұл күнде санаулы ғана үй қалған. Халқы азайғанымен, бұл ауылдың әлеуметтік мәселесі шаш етекпен.

Арғы жағы Ақсудың, бергі жағы...

Алыстағы ауылға апаратын жолдың машақатын сөзбен айтып жеткізу қиын. Тек жол талғамайтын көліктермен, өгіз аяңмен ғана шоқалақтатып бара аласыз. Ал, осы жолды кесіп ағатын Ақсу өзенінің үстіндегі өткелді қияметтің қыл көпірімен ғана салыстыруға болатын шығар.

Қазір шалғайдағы шекаралық елді мекендегі жиырма бір үйде жүз шақты адам тұрады. Шындығына келгенде, табиғаты тамылжыған, ауыл тұрғындарын мазалаған мәселе жеткілікті. Мұнда, әсіресе жол қатынасы қиын. Жүргізушілердің көбі Ақтөбеге барудан ат-тондарын ала қашады. Бірнеше жылға созылған жолдың жыры шешімін таппай келеді.

Ауыл жайлы баяндаған тұрғындардың аузына бірінші түсетін ағаштан салынған өткел де 1969 жылдан бері жөндеу көрмеген. Тек мүлде жүруге жарамсыз болып қалғанда, жұрт шулағанда, реттеп қойған болады. Онда да ауыл тұрғындары өз күштерімен жөндейді. Сондықтан сықырлап тұрған көпірді мүлде сүріп тастап, бүгінгі заманның құрылыс материалдарын қолдана отырып, темірбетон материалдармен қайта салмай болмайды. Әсіресе, жаңбырлы, қарлы күндері ойқы - шойқы жолмен көпірге жеткендер, кейде одан өте алмай қалады. Егінге орақ салынар тұста ауыл шаруашылығының техникалары да бергі жағға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.

Суықсай округіндегі дәрігерлік пункттің меңгерушісі Роза Есерманова ауылда үш адамның қан қысымымен арнайы есепте тұратынын, ол кісілерге дәрі-дәрмек ауылға өте алмай қалады. Басы ауырып, балтыры сыздағандарға жедел жәрдемнің жетуі де мұң. Сондықтан ауылға медпункт қажет.



қазіргі жағдайы жүрек ауыртады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағылар осының барлығын көрсе де, көп көңіл бөлмейді. Тиісті шаралар қабылдау қауқарсыз. Уәдені үйіп-төккенмен тірлік бітпей тұр», - дейді Ж.Тұрсынұлы.

4 бала оқитын мектеп.

Дел қазір ауылдағылар шағын жинақталған мектепті көңілге медеу етеді. Оның өзінде 4 бала оқиды. Кішігірім үш бөлмеден тұратын ғимараттың сырты жұпыны болғанымен, жалпы жағдайы қанағаттанарлық.

Аудан әкімдігіндегілер ауылға 2024 жылы медпункт салу жоспарланғанын айтады. Сондай-ақ, «ТАТЭК» акционерлік қоғамы компаниясы барлық электр бағанын ауыстыруды жоспарлапты. Өткен жылы негізгі жұмыс басталып, 18 шақырым бойынша тіректер орнатылғанмен, ауа - райында туындаған қолайсыздықтар кесірінен жұмыс толық аяқталмай қалыпты. Сонымен бірге Ащыбұлақ пен Суықсай ауылдары арасындағы 9,6 шақырымдық жолды жөндеудің жобалық - сметалық құжаттамасы жасалып жатқан көрінеді. Жолдың осы екі арасы реттелген соң кезек Ақтөбеге апаратын жолға келеді.

Суықсай ауылдық аумағының әкімі Қуаныш Қоңыровтың айтуынша, ауылда 198 бас сиыр, 119 жылқы, алты жүзден астам қой-ешкі бар. Төрт түлікке жайылым тарлық ете бастапты. Елді - мекен төңірегінде бос жатқан жер жоқ.

Бірақ Тесіктас деген жерде мың гектардан астам жайылым бар екен. Малды жайлауға апаруға ешқандай кедергі жоқ. Алайда тұрғындар төрт түлігін қашықтағы жайлауда бақысы келмейді. Қолдағы малын ауылдан алысқа ұзатпайды. Соның кесірінен елді - мекен маңы бұрынғы ажарынан айырылып, тозыңыраған. Ата - көсіппен жан бағып отырған ақтөбеліктер алдағы кезде мал басын көбейтуге мүдделі.

Қазір Ақтөбеде негізінен орта жастағы адамдар тұрады. Жастар мүлде жоқ деуге болады. Жастардың қалаға көшуі жалғаса берсе, ауылдағы жалғыз білім ошағы да жабылып қалуы мүмкін.

Ауылда жер алып, шаруа қожалығын жүргізіп, егіншілікпен айналысуға мүмкіндік мол. Әйтсе де, елді - мекенде қордаланған мәселелерден ата-кәсіптен несібін айыруға ниеттілердің жүрегі шайлығып қалғандай.

Ақтөбе ауылының тумасы Жұмағали Тұрсынұлы да ауылға шағын алма бақ отырғызуды мақсат қойып отыр. Осындай

азаматтар көптеп шығып жатса, Ақтөбенің шырағы қайта жарқырай жанып, бір кездегі берекелі шақтары оралар еді.

Екі миллионнан астам тұрғыны бар Жетісу облысындағы халықтың басым бөлігі ауылда тұрады. Жағдайы қалаға бергісіз ірі елді - мекендермен бірге, елдің шетінде, желдің өтінде орналасқан, тірлігінде түйткілді тұстары көп қоныстар да жетерлік. Әсіресе, облыстың Қытаймен шекаралас таулы аймақтарындағы, орталықтағы биліктің назарынан тыс қалған. Елеусіз ғана күн кешіп жатқан ауылдарға көңіл бөлінбесе болмайды.

Аудандарды ықшамдау кезінде Алматы облысының Қапал, Үйгентас, Қоғалы, Нарынқол сынды шекаралық аудандары да таратылып кеткен еді. Мұндағы Нарынқол араға он сегіз жыл салып барып, қайтадан өз алдына дербес аудан болып құрылды. Қазір нарынқолдықтар біреуден ілгері, біреуден кейінді күн кешіп жатыр. Жаңа ауданға көшіп келушілердің қарасы қалың. Әсіресе, жастар тұған жерге қайта оралып, елді - мекендердің еңсесі тіктелді. Есесіне қалған үш аудандағы шекара шебінде орналасқан ауылдар біртіндеп қаңырап қалып жатқаны жанға батады.

«Бос жатқан жердің жау шақыратынын» ұмытпағанымыз жөн. Шекара бойындағы ауылдарын жайнатып қойған көрші елдің көкейінде не бары да белгісіз.

«Хабар 24» телеарнасының тілшілері Шыңғыс Қалиден және Қуаныш Түргенбаевтың «Ақтөбе ауылына өркениет қашан келеді».

Жетісу облысындағы Ақтөбе ауылының тұрғындары жол талғамайтын көлікті ғана мінеді. Олар асып тасқанынан емес, тегіс жолдың жоқтығынан осылай істеуге мәжбүр, - деп хабарлайды «Хабар 24». Өйткені, жер бауырлаған жеңіл автомобильдер елді - мекенге жете алмайды. Ақтөбе ауылының санаулы тұрғындарында ғана көлік бар. Соның бірін Талғат Баймұқанов тізгіндеді. Ол аптасына екі-үш рет аудан орталығына қатынайды. Өрбір барған сайын 17 шақырымдық жолдың азабын тартады.

Талғат Баймұқанов, Ақтөбе ауылының тұрғыны:

— Шұңқыр, шұңқыры көп. Тасы көп. Бәрін су орып кеткен. Жүргеннің өзінде әрең жүреміз. Жеңіл мәшине келе алмайды. Джиптардың өзі әрең жүреді. Асфальт төсеп бере алмаса, тегістеп тас төсеп берсе, әйтпесе қиындау. Жолдың қиындығынан қауіпі басым. Өйткені, 1969 жылы студенттік құрылыс отряды салған

Ақсу өзеніндегі көпір, көлік жүрген сайын шайқалады. Бетіне төсеген бөренелері де шірі бастаған.

Қыдырбек Мұсабеков, Ақтөбе ауылының тұрғыны:

— Көмір әкелгенде камаздар өтпейді. Жотаға төгіп кетеді. Көпір опырылып кете ме деп қорқады. Грузовой мәшинелер әрең өтеді.

Дулат Ысқақов, Ақтөбе ауылының тұрғыны:

— Жолдың жамандығынан жолдың қиындығынан комбайн әкеле алмаймыз. Үлкен мәшине жүре алмайды. Сол себепті егістік егілмейді. Бәрі бос қалды. Мал шаруашылығына пайдаланылады. Ауылға қарай тартылған және ауыл ішіндегі электр бағаналары әбден ескірген. Тұрғындар бірқатарын сым темірмен байлап, құламастың қамын жаппай қойыпты.

Райса Әпсеметова, Ақтөбе ауылының тұрғыны:

— Көпірімізді жөндеп берсін, жолымызға көмектессін. Фельдшер берсін. Мына светімізді, столбыларымызды ауыстырып берсін, талап осы.

Ғазиз Есжанов, Ақсу ауданы әкімінің орынбасары:

— Электр жүйесі жоспарланған. Аудандық электр жүйесінің меншігінде. Олар биыл бетонның столбы ауыстыру керек және де медпункт бойынша ол жерде Суықсай бойынша амбулатория бар. Сол бір фельдшер қызмет атқарады. Медпункт 2024 жылға жоспарланған. Екі жыл бұрын елді - мекенге ауыз су жүйесі жүргізілген. Жауап-тылар биыл Суықсай мен Ащыбұлақ арасындағы жолдың жобалау сметалық құжаттарын жаппай құрылысын келесі жылы бастамақ. Ал, одан Ақтөбеге дейінгі аралықтағы селкілдеген көпір мен қауіпті қара жолдың қашан жөделетіні білгісіз.

Осы мәселелер туралы «Огни Алатау» газетіне және әлеуметтік желілер мен телеарналарда Жанар Мықтыбаева мен Әсет Қалымовтың орысша жазылған мақалалары жарияланды.

Осы мәселелерді өз көзіңмен көрдің. Енді сен де ақын ретінде осы мәселелерді көтеріп, бір өлең жазсаңшы деген ұсынысын айтты Жұмағали аға. Оны:

Кішкентай ауылдардың шалғайдағы, Білдің бе қалай екен қал - жағдайы? Сол жерде қарапайым тұрғындардың, Билікке жетер ме екен айғайлары.

Көбісі елді тастап қала көшті, Неліктен ауылдың тұр жанбай бағы? Барлығы өзіміздің қолымызда - Жазуы емес шығар маңдайдағы.

Жүмекендей ағамыз бастаушы боп, Шырылдап келе жатыр талмай жағы. Күш біріксе барлығы ондалады, Талай жас бұл ауылдан самғайды әлі, - деп бастап қойдым. Тек бұл ауыл емес барлық ауылдардың мәселесін қосып, кейін таман тамаша бір өлең жазармын деп жоспарлап қойдым.

Міне, шалғай ауылдың мәселелері осындай. Көп мәселе қолға алынып жатыр. Осы мәселелерді көтеріп, елдің алғысын алып келе жатқан ауыл азаматы Жұмағали Тұрсынұлына жерлестері ризашылығын білдіріп, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» атағын берсе деген ұсыныстарын да айтып жатты.

Ербол СЫМХАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.



Өрт қауіпті кезең

101 ХАБАРЛАЙДЫ

кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады», осыған сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы келесіде шешім қабылдаумен сотқа дейінгі тергеу жүргізудің бірыңғай тізімінде фактілерді тіркеу жүргізілетіндігін ескертеді.

Сондай-ақ, ҚР Қылмыстық Кодексінің 204-бабына сәйкес абайсызда жасап, ірі залал келтіріп бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру – жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына жазаланады.

Өрт сөндірушілердің тағы бір мәселесі, саяжай қоғамдары үйлеріне кіру жолдары болып отыр.

Өрт туралы хабарлама алу мен оқиға орнына келуге дейін көптеген уақыт кетіп, ол кезде үй толығымен жанып кетеді. Өрт сөндіру есептері арнайы техникаларға кедергі келтіретін тар жолдармен, құрылыстармен күресулеріне тура келеді және де қажетті тұрақтар жоқ.

Егерде сіз қараусыз қалған жанған шөп пен алауды байқасаңыз, ең біріншіден 101 қызметіне хабарласыңыз және сөндіру үшін шаралар қолданыңыз.

Тұрғын үйлердің шетінде ӨҚҚ бұзушылықтарымен алаулар жағу, шөптерді өртеу фактілері бойынша өрт қауіпсіздігіне жауап беретін кондоминиумдарға, саяжай қоғамдарында әкімшілікке хабарласыңыз. Ашық аумақта жануды және қоқыстарды өртеу мен алауларды жағуда кінәлілерді байқаған жағдайда 101 телефонына хабарласыңыз.

Талғат ЗЕЙНОЛДАНОВ,
аудандық ТЖБ бастығының уақытша міндетін атқарушысы, азаматтық қорғау майоры.

Жарақаттанудың алдын алу



Жарақаттар – бұл адам ұлпалары мен мүшелерінің зақымдануы, сыртқы себептерден аяқ-қолдың сынуы мен буынның шығуынан жұмсақ ұлпаның жаралуы мен дененің сыдырылуынан, мүшелердің зақымдануынан және көптеген басқа жайттердің әсерінен ұлпалар мен мүшелер тұтастығы мен қызметінің бұзылуы. Біздің қаламыздағы мұшелерде көліктердің көбеюі, тұрмыстық электрлі техникалардың көптеп шығуы, үлкен ғимаратты құрылыстар, қазіргі кездегі балалардың әр нәрсеге тым белсенділік танытуы, осындай жағдайдың тууына әкеледі. Деректердің көрсеткіші бойынша балалардың жарақаты жаз – күз мезгілінде көбейеді. Жоғары технологиялық прогресс және кездейсоқ жағдай бала жарақатын қиын дене бұзылуына, қан кетуге өмірлік қажетті функцияның бұзылуына кейде мүгедектікке, тіпті өлімге алып келетін қайғылы оқиғалармен аяқталуы мүмкін.

Жарақаттың алдын алу үшін кеңестер - көшеде жолда жүру ережесін қатаң сақта, жолдың белгілерін жатқа біл, көшенің көлік жүретін жолында ойнауға болмайды, жалпы қозғалыс көлігінде қол ұстайтын жерді ұста, жеңіл автокөлікте, артқы бөлікке отыруға тырыс, алға отырсаңыз қауіпсіздік үшін белбеуді салыңыз және есіктің дұрыс жабылғанын тексеріңіз, егер маңайыңызда су көлшігі болса, сақ болыңыз, үлкендердің қарауында болыңыз, ағашқа міну, сақтық жоқ құрылыстарда терең жарақат алу қауіпі жоғары, велосипед, роликті коньки және скейтборлар да сырғанау өте қауіпті, сондықтан зейінділігімен қарағаныңыз жөн, өсімдіктерді, жемістерді, саңырауқұлақтарды білмейтін болсаңыз қозғамаңыз, жеменің, тұрмыстық газ және электрлік құралдарды сақтылықпен ұстаныңыз, пісетін және кесетін заттармен абай болыңыз, сіріңкемен, от бар жерде ойнамаңыз. Абай және сақ болыңыздар!

Ж.ДУБЕК,
аудандық орталық ауруханасының салауатты өмір салтын қалыптастыру дәрігері.



Алматы облысында өрт қауіпті кезеңі басталды, жыл басынан Ақсу ауданы аумағында бүгінгі күнге дейін ашық аумақтарда шөптердің жануымен 4 оқиға тіркелді.

Айтарлықтай, жанулар адамдардың отпен абайсыз болуынан, өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға немқұрайлы қарауларынан болады.

Өрескел бұзушылардың арасында – кішкентай алау ешқандай қауіп төндірмейді деп санайтын бау-бақшашылар.

Қазақстан Республикасының Өрт қауіпсіздігі қағидаларының «183» тармағына сәйкес: Алау жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 м. қашықтықта жүзеге асырылады. Қалдықтар мен ыдыстарды өртеу осы мақсатқа арнайы бөлінген жерлерде қызмет көрсетуші персоналдың бақылауымен жүргізіледі.

Ақсу ауданының ТЖБ мамандары барлық тұрғындарға хабарлап, тағы да дұрыс қарау мен мұқияттылық, қауіпсіздіктің негізгі шаралары екендігін ескертеді.

Тұрғылықты мекендердегі жер учаскелерінде құрғақ шөп

өсімдіктерін жағуда мына шарттар орындалуы тиіс:

- құрғақ шөп өсімдігін жағу үшін участок жақын маңдағы объектіден 50 метр қашықтықта орналасуы қажет;

- құрғақ шөп өсімдігін жағу үшін участок аумағының айналасында радиусы 25-30 метрде құрғақ ағаштардан, бұтақ үйінділерінен, кескен қалдықтардан, басқа жанғыш материалдардан тазалануы және ені 1,4 метрден кем емес өртке қарсы минералданған жолақпен бөлінуі қажет;

- алғашқы өрт сөндіру құралдары міндетті түрде болуы қажет;

- жағу тек желсіз күні жіті бақылаумен жүргізілуі қажет.

Ақсу ауданының ТЖБ алаулар жаққаны және шөптерді өртегені үшін жауапкершілікте болатынды және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 336-бабына: «Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды жинап қою қағидаларын бұзу, көрсетілген қалдықтарды жағу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – үш, лауазымды адамдарға – жиырма, шағын

Аудан тұрғындарының басым бөлігі жылқы өсірумен айналысады. Қазіргі таңда жеке аулаларда және шаруа қожалықтарда жылқы саны үнемі өсу үстінде. Осы орайда, мал шаруашылығына орасан зор шығын келтіріп, ауданда жылма-жыл кездесетін энзоотиялық аурулар болып табылатын – жылқының сальмонеллезі (биенің іш тастау) және жылқының сақау ауруы.

Аурудың клиникалық белгілері Сальмонеллез көбінесе биелер мен жаңа туған құлындарда кездеседі. Бие сальмонеллезі әдетте іш тастаумен аяқталады. Ішке кіргеннен кейін бактериялар ас қорыту жолын толтырады, энтероциттер мен лимфаға еніп, көбейеді. Инкубациялық кезеңі 1-8 күнге дейін. Жылқының төбеті бұзылып, нашар тамақтанады, дене салмағы күрт төмендейді, өнімділігін жоғалтады. Ауырған құлынның дене қызымы көтеріліп, емуден бас тартып жатып қалады, 2-3 күнде нәжіс сұйықтанып, оның құрамында шырыш көбейіп, кейде қан болады. Егерде ауру мал 3-5 күн ішінде өлмесе, онда ол жануарларда созылмалы түрде жөтел, енгігу, пневмония пайда болады. Ауырған малдар 5-10 күн ішінде өледі, кейбіреулері тірі қалып қалпына келсе де, ұзақ уақыт дамымай көтерем болады. Жазылған жануарлардың иммунитеті қалыптасады.

Аурудың өршуі - Көбінесе сальмонеллез нәжіспен және қоқыспен ластанған жем-шөппен байланысты. Жануарлар нашар және лас тамақтана алатын жерлерде бұл инфекция жиі таралады. Қоздырғыштың берілу факторларының бірі, ол қызмет көрсетуші персоналдың ауру малдың нәжісі тиген киімі және аяқ киімі арқылы тарайды.

Емі - уақытылы ұрықтандыру, құлындарды толық тамақтандыру, рационалына бактерицидтік препараттар мен премикстерді енгізу, осы аурудың дамуына жол бермейді.

Аурудың алдын алу шаралары- Қаракөз, Ақсу, Көшкентал а/округтерінде осы аурудан қолайсыз ошақ анықталуына байланысты, жергілікті бюджет есебінен сальмонеллезіне (биенің іш тастауы) вакцина бөлініп, егу жұмыстары жүргізіліп келеді.

Тән энзоотиялық аурулар туралы



Сол сияқты аурудың алдын алу үшін- мал иесінің өз қаражат есебінен вакцина сатып алынып, Ақсу, Есеболатов, Қарасу а/округтерінде жұмыстар қолға алынған, Сақау ауруы

Аурудың клиникалық белгілері - жылқының әдетте ыстығы көтеріліп, танауы мен жұтқыншақ кілегей қабығы іріндеп, алқым бездері ірінді бітеу жараға айналатын және жіті түрде өтетін жұқпалы ауру. Әдетте сақаумен құлын мен тай ауырады. 6-7 айлық құлындар, немесе 4-5 жасқа дейінгі жас жылқы ауырады.

Жасырын кезеңі 4-10 күн. Ауру жіті және жітілеу түрде өтеді. Ең алдымен танау мен жұтқыншақ кілегей қабығы күрт қабынып, ауру жылқының танауынан сарысу ағады, бара-бара оған ірің араласады. Малдың алқымы ісіп кетеді. Жақ астындағы және оған таяу жердегі сөл бездері ісініп, мал қасынады, іскен жер іріндейді. Бездің ұлпасында бітеу жара пайда болады. Кейінірек жара жарылып, ішінен сапсары қою ірің ағады. Ауру басталысымен малдың ыстығы көтеріледі. (40-41°). Бітеу жаралар жарылған соң дененің ыстығы қайтады. Ауру асқынбаса, 15-30 күннің ішінде жылқы жазылып кетеді. Бірақ кейде ауру асқынып, малды бронхит, бронхоневмония, плеврит ауруларына

ұшыратады. Ішкі органдарға қаулап бітеу жара шығады. Малдың ішкі органдарына (сөл бездері, бүйрек, бауыр, әкпе, талақ т.б.) зақымданса, сақау ұзаққа созылады. Мал әбден арықтап, көтерем болады, өлім-жітімге ұшырауы мүмкін.

Аурудың өршуі - Танау, жұтқыншақ, кілегей қабығына түскен стрептококктар оны қабындырады, сондықтан танаудан алғашқыда сұйық, ал кейіннен жалқаяқ ағады. Кейінірек сөл жолдары арқылы алқым бездеріне барады да, оларды ісіндіреді, іріндетеді. Микробтар уыты бойға жайылғандықтан дене ыстығы көтеріліп, мал күйзеліп, жүрек қызметі бұзылады. Егер іріндеген бітеу жара жарылса, қоздырғыштың уыты бойға тарамайды да, жылқы сауығып кетеді. Егер індет асқынса, ауру қоздырғышы қан арқылы бүкіл денеге тарап, ішкі органдардың бездеріне ірінді ошақтар пайда болады.

Емі - Ауру жылқыны бөліп алып, таза, жылы, ауа айналымы жақсы, құрғақ изоляторға қамайды. Малдың рационасында сапалы шөп, сөбіз, жазда жоңышқа, беде, ал жұту қиындаса кебек быламығын енгізу қажет. Бітеу жаралардың тезірек пісуі үшін алқымға құрғақ жылы компресс жасайды. Кейін жұмсарған ісіктерді жарып, олардың

іріңін ағызып жібереді, өлі етке айналған жерлерін сылып тастайды да, жараны зарарсыздандырығыш дәрілермен жуып, тазартады. Ауру малдың азығы мен күтімін жақсартып, оның терісінің астына арнаулы сыворотка – антивирус жібереді. Антивирусты 50-100 мл(малдың тірілей салмағына байланысты) мойын тұсынан терінің астына егу қажет. Егер бұл шара нәтиже бермесе антивирус егуді 2-3 күннен кейін қайталау керек.

Сақауды пенициллинмен емдеу де жақсы нәтиже береді. Пенициллиннің судағы ерітіндісі малдың тірілей салмағының әр килограммына 1-2 мың МЕ мөлшерінде егіледі. Пенициллинді дененің ыстығы төмендегеннен кейін 1-3 күн бойы тәулігіне 2 рет қолданады. Сульфаниламид препараттарын жеммен, сумен қосып береді немесе егеді. Егер мал тұншығып бара жатса, трахеотомия жасалады.

Ауруының алдын-алу шаралары - ауырған жылқыны дер кезінде оқшаулап, оны емдеу қажет. Сақау індеті шыққан үйірді де жекелеп, құлын-жабағыларды мезгіл-мезгіл тексеріп тұру керек. Аурудан сақтандыру шараларының ең маңыздыларының бірі - қора-жайларды әрдайым малдың қитезегінен, көңнен, әр түрлі қоқыстардан тазартып, дезинфекциялайды.

Құрметті аудан тұрғындары! Осындау ауданда кездесіп отырған энзоотиялық аурулардың алдын-алуға төмендегідей іс-шараларға бағытталады:

1. Жылқы малдарын есіріп отырған шаруашылықтарды, таза шаруашылықтардан алынған малдармен толықтыру;
2. Жануарлардың тасымалдауын, толықтыруын үнемі қадағалау;
3. Алдын-ала иммундеу, сонымен мал иесі қаражаты есебінен жүргізу мүмкіндігін жан-жақты насихаттау, қора-жайларды, өндірістік орындарға дезинфекция мен дератизация жұмыстарын атқарып отыру;

Е. АУБАКИРОВ,
ҚР АШМ ВБжҚК Ақсу аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, мемлекеттік ветеринариялық санитариялық инспекторы.

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

/СОҒЫС АРДАҒЕРІ, ҰСТАЗ, АҚЫН, ҚОҒАМ БЕЛСЕНДІСІ БАЯНДЫ ҚҰСМОЛДИННИҢ ӨМІРІ ТУРАЛЫ ӨЗІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТУЫНДЫСЫ. ӨМІРІНІҢ ОҚИҒАЛАРЫ, ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚЫ СӨЗ ҒҰРПЫ ҚАМТЫЛҒАН/

АРМАНЫҢ ҚАРА ӨТКЕЛІ

(Осы Еді «ЖАЗСАМ-АУ» ДЕП АҢСАҒАНЫМ, ОЙДЫ ОЯТЫП, ЖІГЕРГЕ ЖАР САЛҒАНЫМ).
БАЯНДЫ ҚҰСМОЛДИН.



Деп сөйлеп, ағайынға ат ойнатып, Момынның ағызыпты көзден жасын. Би келіп төрт болатқа ат ойнатып, Құсқолданың қыры да өтпей жатып. Шығарып алдыма сал бұл қатынды, Қайырам жесір дауын малға сатып. Білесіңдер, бұл қатын менің жесірім, Есіңе сал Мамакеңнің кесірін? Малсыз ап, айттырып қойған шешемді, Білеміз біз де өткен күннің қыр-сырын. Дауласқан ағайынға қамшы салды, Зорлықпен шешемді тартып алды. Төрт қатынның үстіне шалға сатып, Екі өгіз, үш бойдақ қой қалың алды. Зарлаумен ана кетті, қол байлаулы, Шырылдап жалғыз ұлы үйде қалды. «Жалғыздан қалған тұқым ғой» деп, Баланы Жәмилә апа бауырына алды. Еңіреп бала жылар күн-күн сайын, Өке үйін, ана орнын көрген сайын. Түсті екен қаңдай күйге ана сорлы, Алдымен сөз етелік осы жайын. Шал келді ауылына әйелді алып, Болған жайды айталық баяндалық. Ұры емес, қарақшы емес, байлаулы әйел. «Бұл кім?» деп, таңырқап тұр көрген халық.

Еріксіз, сұмырай шалдың бұғауына, Қалайша түсті екен, мына ғарып? Аңырап ақша бетін жапқан жасы, Мөлдіреп, төгіліп тұр жерге тамып. «Жазықсыз пенде едім, құтқарыңдар?» деп зарлап, құлады әйел естен танып. Байеке жазығы не мына жанның? Тірі пенде төзбейтін мына халдың! Түсінбей, жөн сұраймыз, білмек үшін, Бейбақты зар жылатып, қайдан алдың? Айтайын білмесеңдер мұның жайын, Мал беріп, қатындыққа сатып алдым. Мұны естіп, шықты байдың төрт қатыны, «Қанша?» - деп, бұл күннің алған құны? Арам құрсақ, алдуар бір күнді әкеп, Қалайша тең қоясың бізбен мұны? Көгерміз перзент туып жарылқарын, Тұншығып, әлі-ақ өлер шықпай үні. «Тоқтат!» - деп, бай қатындарға ақырды, Одан да аяландар бұл пақырды. Әзірше, сен үйіңе кіргізе тұр, Деді де бәйбішені еп шақырды. Қолымда бауырларым, келіндерім,

Өтеміс, Мама, Сүйінбай туған екен, Білік, байлық құмаған қара басы. «Мырза» атанған жасынан бадам Мама, Менің әкем Маманың Құсқолдасы. Сайын мен Сайынбөлек Өтемістен, Хабардар бол қарағым өткен істен. Бір мысал сол өмірден келтірейін, Шындықты айтпай болмас еске түскен. Жиырма бес жасында ұрпақ қалмай, Сайын жастай дүние салған екен. Келіні Жәнетқызы Жәмиләны, Сайынбөлек жесірлеп алған екен. Бәйбішеден көріпті бес перзентті, Тағдыр білер, кім санар аз бен көпті. Жанболат пен Күнболат және үш қыз, Қайролла, Күнғайша мен Дәмен кепті. Дәмен менен Жәмітай бір анадан, Күнболат тәрбиелеп, қызым депті. Жәнеңнен үш қыз, бір ұл туған еді, Ұрпақ қалмай, дүниеден ол да өтті. Болыпты келіннен төрт баласы, Өмірдің ыстық-суық көп саласы, Ерболат пен Шынболат және екі қыз, Жәмилә Жәнетқызы шын анасы. Ерболаттан туады жалғыз Шәкім, Болған іске ешкімнің жоқ таласы. Шынболаттан жеті ұл, үш қыз туған, Қазір де бүтін ата айналасы. Сүйінбайдың бар еді жалғыз ұлы, Сәрсембі «Ақшал» атар ауыл мұны. Алғаш жарын бір «мықты» тартып алып, Қайғымен өл-өлгенше өтті күні. Менің әкем Маманың Құсқолдасы, Айтайын түсіндіріп жөн жобасын. Құсқолда кіндігінен жалғыз екен, Бар деуші еді тегінде қарындасы. Білік, байлық болмапты Құсекеңде, Өтірік, мақтан толтырмас сөз арнасын, Еңбегі мен ісіңе әділ екен, Ағайын сыйлайды екен қара басын. Әжеміз атамыздан бұрын өліп, Мамакең жалғыз ұлмен қалған екен. Екі-үш жыл екі еркек салтан қалды, Ағайынға сыя алмай жалтаңдады. Қолдағы барлық малын айдап беріп, Келін іздеп Мамакең қыз таңдады. Бектемір құда болды Ақшорада, Жігітке талпынбаса бақ қона ма. Өзі ұста, өзі мерген Өгізбайдың, Қызы еді, анам аты – Тұйғынбала. Білмейтін қулық кесел, момын ғана. Мамакең жетпіс жаста дүние салды, Өкенің өсиетін мұра тұтып, Құсқолда өмір тізгінін қолына алды. Әр пенде не көрмейді тірі жүрсе, Өмірі үгілмей ме қасірет көрсе. Екі ұл туған екен Тұйғынбала, Өле берген он, он бір жасқа келсе. Алды артымда ешкім жоқ, жалқы едім, Не болар шаңырақтың оты сөнсе? Көп ұзамай тағы да бір ұл туды, Баяндысы Баянжүрек жайлау қоныс, Аққан су өзен бетін талай жуды. Ажал үзбес болад деп болашағы, Жалқы еді, сұйық еді артқы жағы. Сол Баянды екіден жаңа асты, Тыпырлап төл аяғын тапа басты. Ауыру, зіл жоқ, кенет әкесі өліп, Анасы мен екеуін қайғы басты. Қажаршы, сүйенер жоқ бірге туған, Арылмас мұң мен түнек араласты. Құсқолда, Сайынбөлек балалары, Төрт ата немерелес аралары. Жетім, жесір қос жанның сүйенері, Төрт болат ағайын деп паналары. Тағдыр таңған арқаға ауырлықты, Көтермеске барма енді шаралары. Тоқаннан Тышқанкөздің Қабдолдасы, Би екен, билікке сай мал мен басы. Алты ұл, бір қыз екен бірге туған, Қабдолда ішінде ноқта ағасы. «Тұяқ жеңген жандармыз, теңдесі жоқ, Құдай да жақсы біледі жеңе алмасын»,



Деді де бәйбіше айтты өлер жерін. Көрінген келімсекті паналатар, Қонақ үй бола алмайды менің төрім. Осы лебіз ұландырып қалғандарын, Долданып, ұшқындырып, төгіп жалын. Опасыз мына жайды көргеннен соң, Бас малшы тыңдады мұның бәрін. «Бейбақты қамқорлыққа мен алайын», Соңынан көре жатармыз істің жайын. Сонымен жайғастырды малшы үйіне, Түсініп, қарайласты қал, күйіне. Қайғы мен қасіреттің дерті асқынып, Түсік тастап ауырды, жан күйіге. Сол дерттен бес ай жатты айыға алмай Сорлы ана күйінеді, жөн таба алмай. Аса алмай төрт қатынның додасынан, Айттырған бай білмеді, жайы қандай? Алты айда қуат кірді шыбын жанға, Ес жиып, көз жіберді оң мен солға. «Жалғызға жеткізіп салыңдар» деп, Сорлы ана жылай берді малшыларға. Бас малшы шақырып кеп жылқышыны, Тіршілікте адам мен адам күні. Сенің де анаң бар ғой ақ сүт берген, Жеріне жеткізіп сал бұл кісіні. «Өзі қашып кетіпті» дей саламыз, Еш жанға сездірмейміз, түсін мұны. Азамат тастамады үлкен сөзін, Аяды, аянышты ана көзін. Қос атпен айтқан жерге әкеп салды, Ер жігіт адамдықпен танытты өзін. Боз інгендей боздады сорлы ана, Жас ботадай зарлаған сорлы бала. Қайтып шыдады алты ай бойына, Еңіреп көресіңді көре сала. Алты айда ағарып шаш, самайы да, Ана шыдасын ба сары уайымға. Шалы бардағы үй мен күйі жоқ, Жетектесіп қонады ағайынға. Отын жағып, кір жуып, тірлік үшін, Жүргеніне тағы да толды жылға. Бұл жылдың жазы менен қысы өтті, Қатын қуып, мал даулап бай да жетті. Малды қайтар, қатынның керегі жоқ, Жылға толмай, тұрақсыз қашып кетті. Бай мен би пәтуаман келді сөзге, Мал үшін қатты айтысып, менен безбе. Тұяқ санап, қайтарам бәр малыңды, Қапа болмай, шыдай тұр келер күзге. Тағы да бір сатайын басқа жанға, Қол сұғып не қыламын ата малға. Өз құнын өзіменен өтейін де, Малың беріп, құтылсам қақпас шалға. Би сатуға алушы іздестірді, Ондай пұлды, малды адам кездеспеді. Анашым деп-сал боп жүрген кезде, Жаны ашыған бір адам іздеп келді. Қарағым, мен өзінді іздеп келдім, Жат емес, ағайын деп, сіз деп келдім. Бір атаның баласы, құрбы, тұстас, «Қадірлесіп, сыйласармыз» деп келдім. Бұл кісі атасы бір Тыныбектен, Сорлы анам, ашылатын күні ме екен? Сол жылы бәйбішесі қайтыс болып, Екі қызбен жесірлік тірлік еткен. Екі жарты, бір бүтін қосылайық, Жарамас, қаңғып, тозып күнің өткен. Кеткенше тағы бидің айдауында, Тәуекелге бармаса бақ жанама? Бірақ та, құтқарып ал, малың төлеп, Би, бай тағы даушар, сөз бола ма? Тілегін берді тәңір сорлы ананың, Неше жыл зарлағанын, жылағанын. «Тоқа ата» дейді екен ауылдастар, Тоқсанбай екен аты әлгі жанның. Құтқарды биге беріп сұрағанын, Қосылып, бағы ашылды сорлы ананың. Сол ана тағы он бес жыл өмір сүріп, Бір ұл, бір қыз туыпты, екі бала. Байғалым, Фарида жан, қарақтарым, Арманмен атыңды атап, сыр ақтардым. Қорқау қасқыр, аштықта жемтік болдың, Таппадым, қайда қалды пырақтарың? Үмітпен көтерсе де өмір жүгін, Сорлы ана көре алмады игілігін. Мың тоғыз жүз отыз екінші жыл, Аштық үзді үмітін, тіршілігін. Екі бала, шал, кемпір шуап жүріп, Қайда өлді, білген жан жоқ күні-бүгін. Күні туып, жетім, жесір балалардың, Он жастан «коммунаны» паналадым. Салтанат, күн көретін күнім туып, Сол күйі білім қуып, бара-бардым. Жырақ қалдым, анамды көре алмадым, Еркелеп «анашым» деп жүре алмадым. Аңсаған, армандаған жалғыз едім, Ақ сүтін ақтап пәк бере алмадым. Таппадым, біле алмадым көр пырағын, Қай жерде сөнді екен көз шырағың? Аңсаған, арман еткен жалғызымнан, Бұйырмады, салмады топырағын. Сақтап келем бейнеңді жанарымда, Сақтап келем күлкіңді қабағымда. Сақтап келем мейіріңді төкпей, шашпай, Жүрек атты жанымның табағында! Кеш мені, аруағыңды күңіреттім, Ащы уытын шығардым ұлу дерттің. Аналық ақ сүтіңнің құдыретімен, Халқымның ұлы болдым, өстім, жеттім! Осындай сорлы ана оқиғасы, Тартуы Баяндының сый, шамасы. Оқушым өтінемін кешіріңіз, Қысынсыз, қыңыр болса сөз тұлғасы?

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

ҚҰРБАН ШАЛУ – АЛЛАҒА ЖАҚЫНДАУ



құрбандыққа шалынып, барлығы ет 982 мұқтаж отбасыға қайырымдылық негізде таратылды. Орталықтандырылған құрбан шалудан басқа өз үйлерінде діни рәсімді өткізіп, құрбан мал еттерін мешіттерге әкеп тапсырған адамдар да көп болды. Ол еттер де аз қамтылған отбасыларға таратылды.

Сондай – ақ, аудандық мешіттің ұйымдастыруымен Құрбан айт мерекесінде орталық алаңда 1 тайқазан күріш басылып, 1500 тәтті балмұздақтар тегін таратылды.

Сондай – ақ, кішкентай бүлдіршіндерімізге батуттар мен велосипедтер тегін қызмет жасады.

Сұрақ – жауап ойындарымен қатар, қол күрес және кеудені көтеруден жарыстар өткізіліп, озаттарға бағалы сыйлықтар берілді.

- Ең бастысы, адамның саулығы. Сондықтан мешіт ислам күнтізбесіндегі айтулы мейрамды той жасаудың емес, ізгілік мен мейірімділіктің алтын арқауына айналдыру маңызды екенін атап өтті.

Осындай ел азаматтарына үлгі болар бауырларымыздың қатары көбейе берсін, - дейді аудан имамы Анарбай Тасболатұлы.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

Мұсылмандардың ұлық мерекелерінің бірі - Құрбан айт мейрамы. Үш күнге созылатын мейрам жыл сайын хижра - мұсылман күнтізбесі бойынша Зұлхиджа айының оныншы жұлдызында (Арафа күнінен кейін) және Ораза айт мейрамынан 70 күн өткеннен кейін басталады. Қасиетті Құрбан айт елімізде мемлекеттік мереке ретінде аталып өтіледі. Осы күні мешіттерде айт намазы оқылды. Бұл діни мерекенің ең басты шарты – құрбан шалу. Ақсулықтар да Құрбан айт мерекесін ыстық Ыждаһатпен қарсы алып, құрбан шалды.

Енді Құрбан айт мерекесінің мән - маңызына және оны дұрыс атап өтудің жөн - жосығына тоқталсақ. Жалпы ислам дініндегі мейрамдардың барлығы мұсылман қауымын ғана емес, сонымен бірге адамзаттың дүйім жұртын татулық пен бірлікке, сыйластық пен ауызбірлікке, кешірімге шақыратыны белгілі.

Олай болса, Құрбан айт мерекесі де адамдардың бірі-біріне ізгі ниеттер тілеп, бір-бірінің көңіл-күйін көтеріп, ренжітіп алған кездері болса кешірім жасасатын күн. Құрбан - араб тілінде «жақындау», яғни жасаған сауап істер арқылы жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу дегенді білдіреді.

Айттың бірінші күні аудан бойынша 142 қой, 7 ешкі және 6 ірі қара мал

- 07.07.2022 года был утерен партмоне черного цвета внутри находились: уд личности на имя Кеңсханұлы Нұржан в том чиле служебное удостоверение № А -139665, банкомат карточки и ключи от машины. Вернуть за вознаграждение тел.: 8777 212 55 68.
- Считает недействительным служебное удостоверение на имя Кеңсханұлы Нұржан котрый был утерен 07.07.2022 года А-139665.
- Жеке кәсіпкер Г.Т.Азбергенованың атындағы ОКА 102 Ф, зауыт №57854 БКМ-сы жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.
- ЖШС "ЮБС МАТАЙ" атында тіркелген зауыт # 00199038 ОКА 102 Ф маркалы БКМ жоғалғандығы туралы хабарлаймыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

17.08.2022 жылы сағат 11:00 – де Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Қапал ауылы, Марат Алыбаев көшесі, 7 (әкімдік ғимараты) мекен-жайы бойынша "Қоршаған ортаны қорғау" бөлімі жобасы бойынша «Үлкен Шымбулақ бұлағындағы лицензиялық алқап шеііндегі пайдалы қазбалар - шашыранды алтын кен орындарын барлау және бағалау» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдалым өтеді.

Карантиндік шаралар ұзартылған жағдайда қоғамдық тыңдалым zoom платформасында онлайн өтеді. Тыңдалымға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өтіңіз: https://us04web.zoom.us/j/9522936808?pwd=Nv3wPHZsK_Uh-0d47H-fyiSQc6sxZk.1

Конференция ID: 793 6407 5250; кіру коды: iXS5a4

Жоба бойынша құжаттама <https://ecorportal.kz> біріңғай экологиялық порталда орналастырылған.

Тапсырыс беруші: "SARY TAS MINING" ЖШС (БИН:200140018344), Қазақстан Республикасы, Нұрсұлтан қ., Есіл ауданы, е251 көшесі, 4/1 үй, 243 пәтер, 8-702-913-35-85, onalbaev_b@mail.ru

Жобаны әзірлеуші: "ИВК и Компания" ЖШС (Қоршаған ортаны қорғау саласында қызмет көрсетуге 14.07.2007 ж. № 01043р мемлекеттік лицензия). Жобалау ұйымының мекен-жайы: Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 148, кеңсе. 401; 8 (727) 261-20-53, ivkik@list.ru

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдалым өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ecorportal.kz порталында, сондай-ақ электрондық пошта арқылы: ivkik@list.ru қабылданады



ОБЪЯВЛЕНИЕ!

17.08.2022 года, в 11:00 по адресу: Жетысуская область, Аксуский район, с. Капал, ул. Марата Алыбаева, 7 (здание акимата) пройдут общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Раздел «Охрана окружающей среды» к проекту «План разведки и оценки месторождений полезных ископаемых – рассыпное золото долины ручья Улкен Шимбулак в пределах лицензионной площади».

В случае продления карантинных мер, общественные слушания будут проведены в режиме онлайн на платформе zoom. Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке: https://us04web.zoom.us/j/9522936808?pwd=Nv3wPHZsK_Uh-0d47H-fyiSQc6sxZk.1

Конференция ID: 793 6407 5250; код доступа: iXS5a4

Документация по проекту размещена на ЕЭП <https://ecorportal.kz> Заказчик: ТОО "SARY TAS MINING" (БИН:200140018344), Республика Казахстан, г. Нур-Султан, Есильский район, улица Е251, дом 4/1, квартира 243, 8-702-913-35-85, onalbaev_b@mail.ru

Разработчик проекта: ТОО «ИВК и Компания» (Государственная лицензия № 01043Р от 14.07.2007 г. на оказание услуг в области охраны окружающей среды). Адрес проектной организации: г. Алматы, ул. Желтоқсан, 148, оф. 401; 8 (727) 261-20-53, ivkik@list.ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на ЕЭП ecorportal.kz, а так же по электронной почте: ivkik@list.ru

ТАПСЫРЫС БЕРУШІ: "SARY TAS MINING" ЖШС.

101 ХАБАРЛАЙДЫ
Астықтты жинау кезінде өрт қауіпсіздігінің ережелері

Ақсу ауданы аумағында астық жинау науқанының басталуына байланысты, қазіргі таңда ауыл шаруашылығы нысандарында және астық алқаптарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі бақылауда тұр.

1). Егін жинауды бастамастан бұрын оған қатысатын адамдардың бәрі өртке қарсы нұсқаудан өтеді, ал егін жинайтын агрегаттар мен автомобилдер өрт сөндіретін құралдармен (өзі жүретін комбайнмен - екі өрт сөндіргішпен, екі тік күрекпен және екі сыпырғышпен; тракторлар - бір өрт сөндіргішпен, бір күрекпен), дұрыс ұшқын сөндіргішпен және қоректену, майлау, от алдырғыш жүйелерімен жабдықталуы қажет.

2). Масақты дақылдарды темір және тас жол қарауына алынған жерлерге себуге болмайды. Осы алаңдарда шабылған шөптің шөмелесін астық алабынан 30 м. қашықтыққа орналастыру керек.

3). Масақты, астықтар пісер алдында олардың орманға, автомобиль және темір жолдарға жақын ұласып жатқан жерлері ені 4 м. шабылып, жырттылып тасталуы керек.

4). Астықты жинау астықты алаптарды 50 га. алқапқа бөлуден басталуы керек. Учаскелердің арасынан ені 8 м. кем емес шалғы жолы жасалуы керек. Шабылған астық шалғыдан тез жиналуы керек. Шалғы жолының ортасынан ені 4 м. жырттылады.

5). Уақытша дала қостары шөптен тазартылған жерде егін алабынан, қырманнан 100 м. ара қашықтықта орналасуы керек. Дала қостарының, астық қырмандарының алаңдары ені 4 м. жолдар жырттылады.

6). Егіс даласында мұнай өнімдерін сақтау

және жанар май құю, шөптен, жанғыш қоқыстан тазартылған арнайы алаңда немесе қырманнан, шөп шөмелесінен, сабаннан, астық алабынан және құрылыстан 50 м. жерде жүргізілуі қажет.

7). 25 га. астықты жерді жинау кезінде, өрт бола қалғандай жағдайда жақын жерде трактор және тырма даяр тұруы керек.

8). Жиналған егіннен қалған сабанды өртеуге және от жағуға болмайды.

9). Қырмандар үйлер мен құрылыстардан 50 м. ал астық алабынан - 100 м. жерге орналасуы керек.

10). Тийм салынады:

- тракторлардың, автомобильдердің қақпақсыз немесе ашық қақпақтармен жұмыс істеуіне;
- двигатель радиаторларындағы шаңды күйдіру үшін дөнекерлейтін шамды қолдануға;
- егіс даласында двигателі жүріп тұрған трактор, комбайндарға және басқа да машиналарға жанар май құюға;

11). Жинайтын машиналардың двигательдерінің радиаторлары, биттерлерінің валдары, сабан толтырғыштары, транспортерлары, жинағыш, шнектері және басқа да тораптары мен бөлшектері уақытында шаңнан, сабаннан және бидайдан тазартылып отырылуы қажет.

Құрметті шаруа қожалығының басшылары, отпен абай болыңыздар, өрт қауіпсіздік ережесін сақтаңыздар, өндірісте және тұрмыста өртті болдырмаңыздар.

Талғат ЗЕЙНОЛДАНОВ,
аудандық ТЖБ бастығының уақытша міндетін атқарушысы, азаматтық қорғау майоры.



"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзеті №15701-Г
Редакция алқасы: Жауапты хатшы - Ербол СЫМХАНОВ, Бас есенші - Гүлжан МҰҚЫШЕВА

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2280

Директор бас редактор - 2-11-61, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.